

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**А. У. Тулепбергенова¹, *А. К. Аманова²,
К. С. Кенжебаева³, Е. Н. Дауенов⁴**

^{1,2,4}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3599-6680>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0909-9089>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0908-6843>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0389-5658>

*e-mail: amana1986@mail.ru

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНТЕКСТ: КОЛЛАБОРАТИВТІ ЗЕРТТЕУ ОРТАСЫН ДАМУ ТУ БАҒЫТТАРЫ

Мақалада білім беруді жаңғырту жағдайында педагогтардың коллаборативті зерттеу ортасын дамыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі жаһандық білім беру кеңістігінде педагогтердің кәсіби үздіксіз дамуы, зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру және инновациялық әлеуетін арттыру жоспарлы басымдықтардың біріне айналып отыр. Осы тұрғыда коллаборативті зерттеу ортасы мұғалімдер мен оқытушылардың кәсіби қауымдастық аясында бірлесіп білім өндіруіне, тәжірибе алмасуына, рефлексия жасауына және педагогикалық тәжірибені ғылыми негізінде жетілдіруіне мүмкіндік беретін тиімді модель ретінде сипатталады.

Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы талдау интерпретациялық синтез және концептуалдық модельдеу әдістері қолданылды. Финляндия, Ұлыбритания, Жапония және Сингапур елдерінің педагогтердің бірлескен зерттеу қызметін ұйымдастырудағы табысты тәжірибелері зерделеніп, олардың институционалдық тетіктері мен басқару модельдері сараланды. Аман айтқанда, Professional Learning Communities, Lesson Study, Action Research және мектепшілік зерттеу мәдениетін қалыптастыру тәжірибелерінің тиімділігі айқындалды. Зерттеу нәтижесінде

қазақстандық контекстке сай коллаборативті зерттеу ортасын дамытудың негізгі бағыттары мен институционалдық шарттары ұсынылады. Білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен зерттеу қызметін ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі талданды, сондай-ақ қазақстандық контексте бірлескен зерттеу ортасын дамытудың ерекшеліктері мен перспективалары анықталды. Білім беру ұйымдарының зерттеу мәдениетін, академиялық ұтқырлығын және инновациялық әлеуетін арттыруға ықпал ететін дамудың жолдары берілген.

Кілтті сөздер: Кәсіби құзыреттілік, халықаралық тәжірибе, коллаборативті зерттеу ортасы, білім беру үдерісі, жаңғырту.

Кіріспе

Бүгінгі таңда оқыту тәрбиелеу, яғни білім беруда негізгі бағыт- мектеп педагогтарын оқу процесінің негізгі нысаны емес, теория мен практиканың бірлескен өндіруші күші ретінде қалыптастыру, яғни білім мен тәжірибе. Білім берудегі мұғалімдердің коллаборативті зерттеу ортасы ол кәсіби өсу, инновациялық ойлау және зерттеушілік құзыреттіліктерді дамытуға жол ашады. Бұның негізгі дәлелі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [1] заңы мен «Педагог мәртебесі туралы» [2] заңында мектеп педагогтарының кәсіби дамуы, өздерінің оқу-тірбие үдерістеріне оқытудың әртүрлі инновациялық кіріктіру және мұғалімнің зерттеу мәдениетін дамыту қажеттілігі көрсетіледі. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII Қазақстан Республикасының Заңы жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметін, зерттеушілік инфрақұрылымды дамытуды және болашақ ғалым-педагогтарды даярлауды заңнамалық тұрғыдан реттейді (ҚР Заңы, 2024). Аталған Заң болашақ педагог-психологтардың зерттеушілік құзіреттілігін жоғары оқу орнының ортасында мақсатты дамытудың мемлекеттік-құқықтық негізін нығайтады.

Осы нормативтік-стратегиялық аяда педагог-психолог мамандығы ерекше орынды иеленеді, өйткені бұл маманның иесі мектеп, колледж және жоғары оқу орны кеңістігінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, зерттеу-аналитикалық жұмыстың және командалық ынтымақтасудың субъектісі болып табылады. Халықаралық зерттеулер коллаборативті оқу ортасының болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жан-жақты жоғарылатудағы жоғары тиімділігін дәлелдейді Коллаборативті зерттеу ортасы студенттерге шынайы кәсіби контексте бірлесіп ізденуге, бірін-бірі сынайтын кәсіби диалог орнатуға және нәтижелерді ортақ рефлексия арқылы тұжырымдауға мүмкіндік береді. Жапон, Мингапур, Финляндия және

Ұлыбритания елдерінде зерттеу мәдениеті педагогтардың білім сапасына ісер етуге бағытталған құралы ретінде пайдаланылса, Қазақстанда осы зерттеушілік құзыреттілікті кіріктіру білім беруді жаңғыртудың қажеттілігі бар екенін көрсетеді.

Кейбір ғылыми еңбектерде білім беру сапасын арттыруда кәсіби құзыреттілікті дамыту ерекше екені көрсетіледі. [4,5]. Яғни, кәсіби даму ол инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы оқу-тәрбие нәтижесіне әсер ету. [6]. Көптеген құзыреттілікті зерттеуші авторлардың еңбектерінде бұл дағдыларды дамытуда коллаборативті зерттеу ортасын маңызды екені аталып өтілген [7,8].

Зерттеулер мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру кәсіби өзара байланыстарды нығайтып, тәжірибе алмасуды жандандыратынын және кәсіби қауымдастықтардың қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді. Коллаборативті зерттеу негізі action research (Kemmis & McTaggart, 1988) [9] пен lesson study (Lewis, 2002) [10] тәсілдеріне сүйенеді, бұл мұғалімдердің сабақ үдерісін бірге талдап, оны жетілдіруге бағытталған зерттеу мәдениетін дамытады. Халықаралық еңбектерде (Hargreaves & O'Connor, 2018 [11]; Stoll et al., 2006 [12]) мұндай ынтымақтастық мұғалімдердің кәсіби дербестігін арттырып, зерттеушілік дағдыларын күшейтетіні дәлелденген.

Сонымен қатар, мектептер мен жоғары оқу орындарын байланыстыратын зерттеу қауымдастықтары ғылыми-зерттеу мәдениетін кеңейтудің тиімді тетігі ретінде қарастырылады [13,14]. Олар педагогтерге зерттеу жұмыстарына қатысып, нәтижелерін тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, бірлескен зерттеу ортасы мұғалімдердің кәсіби дамуының маңызды шарты болып табылады [15,16]. Бұл орта зерттеу құзыреттілігін, инновациялық ойлауды және кәсіби өзара әрекеттесуді дамытып, білім беру сапасының артуына ықпал етеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеуде M. Fullan ынтымақтастықты білім беру реформалары мен сапаны арттырудың негізгі факторы ретінде қарастырады [17], ал L. Darling-Hammond кәсіби құзыреттілікті дамыту үздіксіз оқыту, зерттеу және бірлескен әрекет арқылы жүзеге асатынын атап өтеді.

Материалдар мен әдістері «Халықаралық тәжірибе және қазақстандық контекст: коллаборативті зерттеу ортасын дамыту бағыттары» тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім беру және ғылыми ұйымдарда бірлескен зерттеу ортасын қалыптастыру мен дамыту мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін өзара толықтырушы әдістер кешені пайдаланылды. Теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығын қолдану алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етті және халықаралық тәжірибенің Қазақстан жағдайына

бейімделу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Талдау төрт өлшем бойынша жүргізілді: институционалдық қолдау жүйесі; зерттеу мәдениеті; коллаборациялық тәжірибелер; тұрақтылық пен цифрландыру факторлары.

Зерттеудің бірінші кезеңінде коллаборативті зерттеу қызметін ұйымдастырудың ғылыми тәсілдерін, тұжырымдамаларын және тәжірибелерін зерттеуге бағытталған теориялық әдістер қолданылды. Алдымен әдебиетке шолу жасалды. Бұл әдіс ғылыми ынтымақтастық, зерттеу ортасы, академиялық ынтымақтастық және зерттеу құзыреттіліктерін дамыту мәселелеріне арналған отандық және халықаралық ғалымдардың еңбектерін зерттеуге және жүйелеуге мүмкіндік берді. Талдауға ғылыми мақалалар, монографиялар, диссертациялар, халықаралық білім беру бағдарламалары және білім беру және ғылым саласындағы нормативтік құжаттар кірді. Бұл әдебиетке шолу бізге бірлескен зерттеу ортасын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтауға және оның халықаралық тәжірибедегі дамуындағы негізгі үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Эмпирикалық зерттеу әдістері практикалық деректерді алу және бірлескен зерттеу ортасының қазіргі даму жағдайын анықтау үшін қолданылды. Негізгі әдістердің бірі студенттер мен оқытушылардың бірлескен зерттеу қызметіне деген көзқарасын анықтауға және олардың ғылыми ынтымақтастыққа қатысу деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама болды. Сауалнама бірлескен зерттеулерге қатысу тәжірибесі, ғылыми өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформаларды пайдалану, ынтымақтастыққа дайындық және бірлескен зерттеулерді ұйымдастыруда кездесетін негізгі қиындықтар сияқты аспектілерді қарастырды. Сауалнама нәтижелері бізге бар кедергілерді анықтауға және бірлескен зерттеу ортасын дамытудың перспективалы бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу таңдамаларына сипаттама беріп өтеміз. Зерттеуге 60 респондент қатысты, оның ішінде: 40 студент (67 %); 20 оқытушы (33 %)

1-кесте – Зерттеудегі респонденттер құрамы

Респонденттер категория	Саны	Пайызы
Студенттер	40	67 %
Оқытушылар	20	33 %
Барлығы	60	100 %

Зерттеу мақсатына сәйкес респонденттердің коллаборативті зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі анықталды. Қатысу критерийлерінде үш деңгей анықталды. Деңгей сипаттамасы төмендегідей:

Жоғары: Респондент бірлескен зерттеулерге, ғылыми жобаларға және конференцияларға үнемі қатысады және ұжымдық ғылыми мақалалар жариялау тәжірибесіне ие.

Орташа: Респондент анда-санда бірлескен ғылыми іс-шаралар мен жобаларға қатысады, бірақ зерттеу саласындағы ынтымақтастық сирек кездеседі.

Төмен: Респондент бірлескен зерттеу жұмыстарына сирек немесе іс жүзінде ешқашан қатыспайды. Респонденттердің коллаборативті зерттеу ортасына қатысу деңгейін анықтау үшін үш деңгей анықталды:

Жоғары	орташа	төмен
--------	--------	-------

Қысқаша сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, бірлескен зерттеу жұмыстарына қатысудың үш деңгейі анықталды.

Студенттер мен оқытушылардың коллаборативті зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама білім беру саласына қатысушылардың бірлескен зерттеу жұмыстарына қатысу дәрежесін анықтауға бағытталған.

Зерттеу барысында бірлескен зерттеу жұмыстарына қатысудың келесі көрсеткіштері бағаланды:

- бірлескен зерттеу жобаларына қатысу;
- ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу;
- зерттеу жүргізуде студенттермен немесе әріптестермен ынтымақтастық;
- бірлескен зерттеу мақалаларын жариялау;
- бірлескен зерттеу әдістерін қолдану (топтық жобалар, зерттеу топтары, зерттеу топтары);

- зерттеу нәтижелерін талқылауға және талдауға қатысу.

Әрбір көрсеткіш респонденттермен жиілік шкаласы бойынша бағаланды:


- үнемі;
- кейде;
- сирек.

Қысқаша сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, бірлескен зерттеу жұмыстарына қатысудың үш деңгейі анықталды.

2-кесте – Зерттеу саласындағы коллаборацияға респонденттердің қатысу деңгейі

Қатысу деңгейі	Студенттер	Оқытушылар	Барлығы
Жоғары	12	9	21
Орта	18	7	25
Төмен	10	4	14
Барлығы	40	20	60

Зерттеуден алынған нәтижелердің интерпретациясын төмендегі №1 суретте көрсетеміз.



1-сурет – Коллаборацияға қатысу көрсеткіші

Қатысушылардың көпшілігінің қатысу деңгейі орташа екенін көрсетеді, бұл коллаборациялық зерттеу механизмдерін әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Ары қарай біз студенттер мен оқытушылардың жеке – жеке қатысу деңгейін анықтаймыз.

Зерттеуге 40 студент қатысты. Сауалнаманың максаты студенттердің Коллаборациялық зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейін анықтау болды.

3-кесте – Коллаборациялық зерттеу жұмыстарына студенттердің қатысу деңгейі

Қатысу деңгейі	Студенттер саны	Пайызы
Жоғары	12	30%
Орта	18	45%
Төмен	40	100%

Зерттеуге нәтижелерін интерпретациялаймыз. Зерттеу нәтижелері студенттердің көпшілігінің (45%) коллаборациялық зерттеу жұмыстарына

қатысу деңгейі орташа екенін көрсетеді. Бұл студенттердің зерттеу жобаларына, конференцияларға және топтық зерттеулерге үнемі қатысатынын көрсетеді.

Студенттердің 30 %-ында қатысу деңгейі жоғары болды. Бұл зерттеу жұмыстарына белсенді қатысатын студенттер тобының бар екенін көрсетеді.

Дегенмен, студенттердің 25 %-ы қатысу деңгейінің төмен екенін көрсетті, бұл зерттеу тәжірибесінің болмауына немесе зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты болуы мүмкін.

Оқытушылар құрамының зерттеу нәтижелеріне тоқтамыз. Зерттеуге жоғарыда айтып кеткендей 20 оқытушы қатысты.

4-кесте – Коллаборативті зерттеу іс-әрекетіне оқытушылардың қатысуы

Қатысу деңгейі	Оқушылар саны	Пайызы
Жоғары	9	45%
Орта	7	35%
Төмен	4	20%

Зерттеу нәтижелері оқытушылардың коллаборативті ғылыми-зерттеу жұмыстарына жоғары деңгейде қатысатынын көрсетеді (45 %). Бұл оқытушылардың айтарлықтай бөлігі коллаборативті ғылыми жобаларға, басылымдарға және конференцияларға белсенді қатысатынын көрсетеді.

Оқытушылар құрамының 35%-ында қатысу деңгейі орташа болды, бұл зерттеулерге анда-санда қатысатынын көрсетеді. Оқытушылар құрамының 20%-ында қатысу деңгейі төмен болды, бұл оқыту жүктемесінің көптігіне немесе зерттеу саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты болуы мүмкін.

Респонденттердің екі тобынан алынған көрсткіштер негізінде нәтижелерді салыстырмалы талдау.

Нәтижелерді салыстыру оқытушылардың студенттерге қарағанда бірлескен зерттеу жұмыстарына белсендірек қатысатынын көрсетеді.

Студенттер орташа деңгейде қатысуды көрсетсе (45 %), оқытушылар жоғары деңгейде қатысуды көрсетеді (45 %). Бұл оқытушылардың зерттеу тәжірибесі көбірек болуымен және зерттеу жобалары мен басылымдарға қатысуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, студенттер әлі де зерттеу құзыреттіліктерін дамытуда. Алынған нәтижелер студенттердің коллаборативті зерттеу жұмыстарына белсендірек қатысуына ықпал ететін коллаборативті зерттеу ортасын дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігін растайды.

Нәтижелер және талқылау

Халықаралық тәжірибені талдай келе біз мынадай тұжырым жасаймыз:

– Финляндияда мұғалімдер университеттік даярлық кезеңінде зерттеушілік құзыретке ие болады;

– Жапонияда Lesson Study дәстүрі сабақтарды бірлесе талдау, рефлексия жасау арқылы үздіксіз кәсіби даму мәдениетін қалыптастырды;

– Сингапурда мұғалімдердің зерттеу қызметі мансаптық өсу және бағалау жүйесіне енгізілген;

– Ұлыбританияда кәсіби оқыту қауымдастықтары (PLC) мен Chartered College of Teaching сияқты желілік құрылымдар жұмыс істейді.

Қазақстандық контекстке педагогикалық білім беруді жаңғыртудың жаңа кезеңінде келесі бастамалар маңызды рөл атқаруда:

– «Болашақ мұғалім» тұжырымдамасы;

– Назарбаев Зияткерлік мектептерінің зерттеу мәдениетін тарату тәжірибесі;

– мұғалімдер қоғамдастықтарының белсенділігі.

Сонымен бірге қиындықтар да бар: мұғалімдердің зерттеу әдістерін меңгеруі жеткіліксіз, бірлескен зерттеу үшін уақыт пен қолдау аз, институционалдық ынталандыру жүйесі толық қалыптаспаған.

Халықаралық тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, бірлескен зерттеу ортасын дамытудың келесі басым бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1 Зерттеу ынтымақтастығын институттандыру – жоғары оқу орындары базасында тұрақты зерттеу қауымдастықтарын, орталықтар мен зертханаларды құру.

2 Зерттеу қызметін білім беру процесіне интеграциялау – білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың жобалау-зерттеу нысандарын енгізу.

3 Зерттеу ортасын цифрландыру – бірлесіп жұмыс істеу, деректермен алмасу және ғылыми коммуникация үшін онлайн-платформаларды пайдалану.

4 Академиялық ұтқырлықты және халықаралық әріптестікті дамыту-білім алушылар мен оқытушылардың халықаралық ғылыми жобаларға қатысуын кеңейту.

5 Білім алушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру — топтық жұмыс, сыни ойлау және ғылыми коммуникация дағдыларын дамыту.

Халықаралық тәжірибенің қазақстандық контекстпен байланысына тоқталамыз. Финляндия, Ұлыбритания, Жапония және Сингапурдың халықаралық тәжірибесін талдау Қазақстан Республикасының Білім беру

жүйесіне қатысты бірлескен зерттеу ортасын қалыптастырудың әмбебап тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық контексте жоғарыдағы практикалар білім алушылардың зерттеу және инновациялық құзыреттерін дамытуға бағытталған білім беруді жаңғыртудың басымдықтарын ескере отырып бейімделуі мүмкін. Атап айтқанда, финдік жобалық-зерттеу тәжірибесін нақты әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған пәнаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолдануға болады.

Студенттерді нақты ғылыми зерттеулерге тартудың Британдық моделі студенттік ғылымды дамытуға және Қазақстанның жоғары оқу орындары жанындағы зерттеу қауымдастықтарын қалыптастыруға қызығушылық тудырады. Жапондықтардың тәлімгерлік және шағын зерттеу топтарында жұмыс істеу тәсілі зерттеу мәдениетін және ғылыми дәстүрлердің сабақтастығын нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Сингапур тәжірибесі Қазақстандағы ғылым мен білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес келетін зерттеу ортасын мемлекеттік қолдау мен цифрландырудың маңыздылығын көрсетеді.

Бірлескен зерттеу қызметі үшін цифрлық платформаларды пайдалану университетаралық және халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақстан Республикасының ұлттық ерекшеліктері мен білім беру басымдықтарын ескере отырып, халықаралық тәжірибені бейімдеу елдің білім беру сапасы мен ғылыми әлеуетін арттыруға ықпал ететін тұрақты бірлескен зерттеу ортасын қалыптастыру үшін негіз бола алады.

Халықаралық тәжірибені бейімдеу үшін келесі бағыттар ұсынылады:

- мектеп жанындағы зерттеу хабтарын университеттермен байланыстыру;
- педагогикалық жоғары оқу орындарында «іс-әрекеттік зерттеу» модульдерін енгізу;
- цифрлық платформалар (Microsoft Teams, Edmodo, Google Workspace) арқылы виртуалды коллаборацияны дамыту;
- Мұғалімдердің зерттеу жұмысына марапаттау және рейтингтік жүйе енгізу.

Қазақстандық білім берудегі зерттеу мәдениетін дамытудағы Lesson Study және Action Research рөлі ерекше. Lesson Study-ді бірлескен кәсіби даму құралы ретінде тұжырымдаймыз. Lesson Study – оқу сабағын бірлесіп жоспарлауға, өткізуге, бақылауға және талдауға бағытталған ұжымдық педагогикалық зерттеудің бір түрі. Қазақстандық білім беру жүйесінде бұл технология білім берудің жаңартылған мазмұны мен педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламалары шеңберінде таратылды.

Қазақстандық контексттегі Lesson Study рөлі:

- педагогтердің бірлескен кәсіби ортасын қалыптастыру;
- мұғалімдердің зерттеу және рефлексиялық құзыреттіліктерін дамыту;
- оқу практикасын ұжымдық талдау есебінен оқыту сапасын арттыру;
- білім беру процесіне evidence-based тәсілдерін енгізу.

Lesson Study-ді қолдану жеке оқыту стилінен кәсіби ынтымақтастық мәдениетіне және оқу нәтижелері үшін бірлескен жауапкершілікке ауысуға ықпал етеді.

Қазіргі зерттеулерде Action Research білім беру тәжірибесін жетілдіру тетігі ретінде қарастырылады. Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия циклі арқылы нақты педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған тәжірибеге бағытталған зерттеу әдісі ретінде қарастырылады. Қазақстандық білім беру ұйымдарында бұл тәсіл педагогтердің инновациялық қызметі және мектептегі зерттеу ортасын дамыту контекстінде қолданылады. Қазақстан жағдайында Action Research маңыздылығы:

- педагогтерді нақты білім беру міндеттеріне бағдарланған зерттеу қызметіне тарту;
- аналитикалық ойлау және кәсіби рефлексия дағдыларын дамыту;
- халықаралық педагогикалық практиканы ұлттық контекстке бейімдеу;
- деректерді талдау негізінде білім беру шешімдерінің сапасын арттыру.

Action Research тұрақты кәсіби даму мәдениетін қалыптастыруға және педагогикалық инновацияларды мағыналы енгізуге ықпал етеді.

Қазақстандық білім беру практикасында Lesson Study және Action Research интеграциясы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Lesson Study және Action Research-ті бөлісу тұрақты бірлескен зерттеу ортасын қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Қазақстандық білім беруде бұл тәсілдер бір-бірін толықтырады: Lesson Study оқу процесін ұжымдық талдауға бағытталған, ал Action Research педагогикалық мәселелерді жүйелі шешуге бағытталған. Деректер тәсілдерін біріктіру мүмкіндік береді:

- педагогикалық инновациялардың тиімділігін арттыру;
- педагогтар мен білім алушылардың зерттеу мәдениетін дамыту;
- білім беру қызметіндегі теория мен практиканың байланысын қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдары ішіндегі кәсіби өзара іс-қимылды күшейту.

Қорытынды

Мақаланы көрсетілгендей Қазақстанда педагогтардың зерттеушілік мәдениетін дамытуда Халықаралық тәжірибені тиімді кіріктіру арқылы білім беруді жаңғыртуды оңалтуға болады және ол педагогтардың зерттеуші коллаборативті оратсын қалыптастыруға толық септігін тигізе алады.

Қорыта айтқанда, бірлескен зерттеу ортасын жүйелі түрде дамыту білім беру сапасын жақсартудың және ғылыми әлеуетті күшейтудің негізгі алғышарттарының бірі болып саналады. Әлемдік тәжірибе бірлескен зерттеу формаларының жоғары нәтижелілігін дәлелдейді, ал Қазақстан жағдайында оларды тиімді енгізу үшін кешенді әрі жоспарлы тәсіл қажет. Аталған бағыттарды іске асыру еліміздің жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіне ықпалдасуына жол ашатын тұрақты зерттеу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда Lesson Study мен Action Research тәсілдері білім беру жүйесінде зерттеушілік мәдениетті нығайтуға және кәсіби ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосады. Оларды тәжірибеге енгізу оқыту үдерісінің сапасын арттырып қана қоймай, педагогтердің кәсіби дамуын жеделдетуге және білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [Мәтін]. – 2007 жылғы 27 шілде, № 319-III. – [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2 Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы [Мәтін]. – [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645>

3 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Мәтін] : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. – [Электронды ресурс]. – https://ku.edu.kz/files/admission/koncepciya_razvitiya_vo_nauki_23_29_kaz.pdf

4 **Тұрғынбаева, Б. А.** Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту теориясы мен практикасы [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 2020. – [Электронды ресурс]. – <https://kazneb.kz>

5 **Қыдыршаева, А.** Құзыреттілікке негізделген оқыту және бастауыш білім беру [Мәтін]. – Алматы, 2021. – [Электронды ресурс]. – <https://kazneb.kz>

6 **Таубаева, Ш.** Исследовательская культура учителя: от теории к практике : монография [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 423 с.

7 **Дьяченко, В.К.** Сотрудничество в обучении. О коллективном способе учебной работы [Текст]. – М : Наука, 1991. – С. 24–57.

8 **Максименкова, О. В., Незнанов, А. А.** Коллаборативные технологии в образовании: как выстроить эффективную поддержку гибридного обучения? [Текст] // Университетское управление: практика и анализ. – 2019. – Т. 23. – № 1–2. – С. 101–110.

9 **Kemmis, S., McTaggart, R.** The Action Research Planner [Text]. – Deakin University Press, 1988. – P. 5–14.

10 **Lewis, C.** Lesson Study: A Handbook of Teacher-Led Instructional Change [Text]. – Research for Better Schools, 2002.

11 **Hargreaves, A., O'Connor, M.** Collaborative Professionalism : When Teaching Together Means Learning for All [Text]. – Corwin Press, 2018.

12 **Stoll, L. et al.** Professional Learning Communities : A Review of the Literature [Text] // Journal of Educational Change. – 2006. – Vol. 7. – № 4. – P. 221–258.

13 **Базарбекова, Р., Yerkebayeva, S., Amangeldikyzy, A.** Студенческая коллаборация в подготовке учителей: педагогический и психологический подход [Текст] // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2025. – № 85(4). – С. 190–198.

14 **Павельева, Н. В.** Коллаборативное обучение как модель эффективной реализации образовательного процесса [Текст] // Образование. Карьера. Общество. – 2010. – № 3(29). – С. 30–37.

15 **Fullan, M.** Choosing the Wrong Drivers for Whole System Reform [Text] // Centre for Strategic Education Seminar Series Paper. – 2011. – № 204.

16 **Darling-Hammond, L.** Empowered Educators in Singapore : How High-Performing Systems Shape Teaching Quality [Text]. – [Электронды ресурс]. – <https://www.livelib.ru/author/1080698/works-linda-darlinghammond>

References

1 Law of the Republic of Kazakhstan «On Education». – 2007 July 27. – № 319-III. – [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2 Law of the Republic of Kazakhstan. «On the Status of a Teacher». – [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645>

3 Kontseptsiya razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody [Concept for the Development of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan № 248, March 28, 2023.

[Electronic resource]. – https://ku.edu.kz/files/admission/koncepciya_razvitiya_vo_nauki_23_29_kaz.pdf

4 **Turgynbaeva, B. A.** Mugalimnin kasibi kuzyrettiligin damytu teoriyasy men praktikasy [Theory and Practice of Developing Teachers' Professional Competence]. Almaty: Rauan, 2020.

5 **Kydyrshaeva, A.** Kuzyrettilikke negizdelgen okytu zhane bastauysh bilim beru [Competency-Based Teaching and Primary Education]. Almaty, 2021.

6 **Taubaeva, Sh.** Issledovatel'skaya kultura uchitelya: ot teorii k praktike [Teacher's Research Culture: From Theory to Practice]. Almaty: Kazakh University, 2020. 423 p.

7 **Dyachenko, V. K.** Sotrudnichestvo v obuchenii. O kollektivnom sposobe uchebnoi raboty [Cooperation in Learning: On the Collective Method of Educational Work]. Moscow: Nauka. – 1991. – P. 24–57.

8 **Maksimenkova, O. V., Neznanov, A. A.** Kollaborativnye tekhnologii v obrazovanii: kak vystroit effektivnuyu podderzhku gibridnogo obucheniya? [Collaborative Technologies in Education: How to Build Effective Support for Hybrid Learning?]. Universitetskoe upravlenie: praktika i analiz. – 2019. – Vol. 23. – № 1–2. – P. 101–110.

9 **Kemmis, S., McTaggart, R.** The Action Research Planner. Deakin University Press. – 1988. – P. 5–14.

10 **Lewis, C.** Lesson Study: A Handbook of Teacher-Led Instructional Change. Research for Better Schools, 2002.

11 **Hargreaves, A., O'Connor, M.** Collaborative Professionalism: When Teaching Together Means Learning for All. Corwin Press, 2018.

12 **Stoll, L. et al.** Professional Learning Communities: A Review of the Literature. Journal of Educational Change. – 2006. – Vol. 7. – № 4. – P. 221–258.

13 **Bazarbekova, R., Yerkebayeva, S., Amangeldikyzy, A.** Studencheskaya kollaboratsiya v podgotovke uchitelei: pedagogicheskii i psikhologicheskii podkhod [Student Collaboration in Teacher Training: Pedagogical and Psychological Approach]. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya. – 2025. – № 85(4). – P. 190–198.

14 **Paveleva, N. V.** Kollaborativnoe obuchenie kak model effektivnoi realizatsii obrazovatel'nogo protsessa [Collaborative Learning as a Model for Effective Implementation of the Educational Process]. Obrazovanie. Karera. Obshchestvo. – 2010. – № 3(29). – P. 30–37.

15 **Fullan, M.** Choosing the Wrong Drivers for Whole System Reform. Centre for Strategic Education Seminar Series Paper. – 2011. – № 204.

16 **Darling-Hammond, L.** Empowered Educators in Singapore: How High-Performing Systems Shape Teaching Quality. – [Electronic resource]. – <https://www.livelib.ru/author/1080698/works-linda-darlinghammond>

08.04.26 ж. баспаға түсті.

04.05.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. У. Тулепбергенова¹, *А. К. Аманова², К. С. Кенжебаева³, Е. Н. Дауенов⁴*

^{1,2,4}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

³Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Поступило в редакцию 08.04.26.

Поступило с исправлениями 04.05.26.

Принято в печать 15.05.26.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И КАЗАХСТАНСКИЙ КОНТЕКСТ: НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ КОЛЛАБОРАТИВНОЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ СРЕДЫ

В статье рассматривается проблема развития коллаборативной исследовательской среды педагогов в условиях модернизации образования. В современном глобальном образовательном пространстве непрерывное профессиональное развитие педагогов, формирование исследовательской культуры и повышение инновационного потенциала становятся одним из стратегических приоритетов. В данном контексте коллаборативная исследовательская среда характеризуется как эффективная модель, обеспечивающая совместное создание знаний, обмен опытом, профессиональную рефлексию и научно обоснованное совершенствование педагогической практики в рамках профессиональных сообществ учителей и преподавателей.

В ходе исследования использованы методы теоретического анализа, сравнительного анализа, интерпретационного синтеза и концептуального моделирования. Изучены успешные практики Финляндии, Великобритании, Японии и Сингапура в организации совместной исследовательской деятельности педагогов, а также проанализированы их институциональные механизмы и модели

управления. В частности, установлена эффективность таких подходов, как *Professional Learning Communities*, *Lesson Study*, *Action Research* и практик формирования внутришкольной исследовательской культуры. По результатам исследования предложены основные направления и институциональные условия развития коллаборативной исследовательской среды, адаптированные к казахстанскому контексту. Проанализирован международный опыт организации совместной исследовательской деятельности обучающихся и преподавателей, а также определены особенности и перспективы развития *collaborative research environment* в Казахстане. Выявлены ключевые направления развития, способствующие повышению исследовательской культуры образовательных организаций, расширению академической мобильности и усилению инновационного потенциала. Полученные выводы могут быть использованы для повышения качества образовательных организаций, совершенствования профессионального развития педагогов и укрепления конкурентоспособности национальной системы образования.

Ключевые слова: коллаборативное исследование, ассоциация профессионального обучения, профессиональное развитие учителей, модернизация педагогического образования, международный опыт.

A. Tulepbergenova¹, *A. Amanova², K. Kenzhebayeva³, E. Dauyenov⁴

^{1,2,4}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Korkyt Ata Kyzylorda University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Received 08.04.26.

Received in revised form 04.05.26.

Accepted for publication 15.05.26.

INTERNATIONAL EXPERIENCE AND THE KAZAKH CONTEXT: DIRECTIONS FOR THE DEVELOPMENT OF A COLLABORATIVE RESEARCH ENVIRONMENT

This article examines the development of a collaborative research environment for educators in the context of educational modernization. In the contemporary global educational landscape, continuous professional development of educators, the formation of a research culture, and the

enhancement of innovative potential have become strategic priorities. In this regard, a collaborative research environment is characterized as an effective model that enables the co-construction of knowledge, exchange of experience, reflective practice, and evidence-based improvement of pedagogical practice within professional communities of teachers and academics.

The study employed methods of theoretical analysis, comparative analysis, interpretive synthesis, and conceptual modeling. Successful practices from Finland, the United Kingdom, Japan, and Singapore in organizing collaborative research activities among educators were examined, and their institutional mechanisms and governance models were analyzed. In particular, the effectiveness of such approaches as Professional Learning Communities, Lesson Study, Action Research, and school-based research culture development practices was identified. Based on the findings, key directions and institutional conditions for the development of a collaborative research environment adapted to the Kazakhstani context were proposed. The international experience of organizing joint research activities of students and educators was analyzed, and the specific features and prospects for developing a collaborative research environment in Kazakhstan were identified. The main development priorities contributing to the enhancement of research culture in educational institutions, expansion of academic mobility, and strengthening of innovative potential were determined. The conclusions obtained may contribute to improving the quality of educational institutions, advancing educators' professional development, and strengthening the competitiveness of the national education system.

Keywords: collaborative research, professional training association, professional development of teachers, modernization of teacher education, international experience.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz